



№2 (9992)  
6 қаңтар  
сенбі  
2024 жыл

# Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Аймақ жаңалықтары Құрылыс қарқын алған

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құрылыс саласында жұмыс істейтін мекеме өкілдерімен кездесіп, алдағы жоспарларды пысықтады. Аймақ басшысы Сыр өңірі соңғы жылдары құрылыс қарқыны бойынша республикада алдыңғы қатарда екенін атап өтіп, биыл да осы оң тенденцияны сақтауға шақырды.



— 2023 жылы 177 жобаны жүзеге асыруға 87,1 млрд теңге бөлініп, 2022 жылмен салыстырғанда 3,5 есе артты. 2024 жылы 110 нысанды салуға 94,5 млрд теңге бөлінді. Қаражат жыл аяғына дейін едәуір көбейетін болады. Бұл — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Сыр өңіріне деген ерекше қолдауының нәтижесі. Өткен жылдың қараша айында Құрылыс және өнеркәсіп министрлігінің бастамасымен Қызылорда облысында құрылыс және тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту мәселелері жөнінде республикалық жиын өтті. Жиынға министрліктің, республикалық мекемелердің басшылары, барлық өңірден құрылыс және энергетика саласына жетекшілік жасайтын облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма басшылары қатысты. Онда өздерінің бірге атқарылған жұмыстар таныстырылып, біздегі оң тәжірибе басқа аймақтарға да таратылуы керектігі айтылды, — деді Нұрлыбек Машбекулы.

Облыс әкімі өңірдегі құрылыс нысандарының жобаларын талдайтын кеңес жұмысын қайта жандандыруды тапсырды. Еске салсақ, аймақ басшысының тапсырмасымен құрылыстардың тиімділігін өрі сапасын қадағалайтын арнайы кеңес құрылған. Онда салынатын нысанның сапасы, орналасатын жері, халыққа қажеттілігі жан-жақты талқыланып, тиімділері ғана қолдау таппақ. Жиында облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төралиев құрылыс нысандары бойынша баяндама жасады, ал облыстық бақылау жөніндегі басқармасының басшысы Ғанижан Қалиев салынған нысандар сапасы туралы айтты.

Кейбір құрылыс нысандарында кемшіліктер кездеседі. Ғимараттардың өрлеу жұмыстары, қолданылған материалдары сапасыз болғандықтан, мердігер мекемелерге тиісті нұсқаулар берілді. Нұрлыбек Машбекулы «Отбасы орталығы» мен демеушілік арқылы жүзеге асқан «Анаға тағзым» орталығы өте сапалы салынғанын атап өтті.

Алдағы уақытта құрылыс нысандарын табыстайтын барлық мердігерлерден осындай нәтиже күтіледі және талап етіледі. Сондай-ақ аймақ басшысы әрбір жаңа құрылыстың сапасына қала және аудан әкімдерімен қатар салалық басқарма басшылары да жауапты екенін ескертті. Нысанның орналасқан жеріне, тұрғындарға қолжетімді болуына, көт және ауылдық аймақтардағы көшелермен үйлесім табуына қала және аудан әкімдері тікелей жауапты екенін назарға салды.

«ЖЖ» ақпарат

## Аңдатпа

### Кадрлық өзгерістер: Кім қайда барды?



3-BETTE.

## Үкімет



## Цифрлық қадағалау: Сапа бақылауда бола ма?

Апта басында Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен отырыста ауыл шаруашылығы жануарларын қадағалау жүйесін жетілдіру процесі талқыланды. «Етті ветеринариялық-санитариялық сараптау» жаңа модулінің арқасында ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ақпарат жүйесінде мал сою орындарында сараптама актісі мен анықтама беру және жануардың өмірлік циклі туралы ақпарат жиналған QR-код жасау процесі цифрландырылды.

Бұл QR ет сатылатын орындарға орналастырылады, ол жануарларды ветеринариялық тексеруісін мал союдың алдын алуға мүмкіндік береді. Жаңа модуль Алматы, Павлодар және Жетісу облыстарында пилоттық режимде сыналп жатыр.

Бұл тәсіл шекаралық өткізу бекеттерінде де енгізілген. Келіп түскен жүктер туралы мәліметтер ақпарат жүйесіне енгізіледі, тексеру және сынама алу актілерінің электрондық нұсқасын қалыптастырады, олар мемлекеттік ветеринариялық инспекторға және ветеринариялық зертхана маңындағы бекеттерде тестілеуден сәтті өткен.

— Ел аумағында мал соятын 904 нысан бар, оның ішінде 109-ы ет өңдеу кәсіпорны, 281 мал сою пункті және 514 мал сою алаңы бар. Ветеринариялық талаптарға сәйкес келмегендіктен, 106

мал сою нысаны жабылды, 2023 жылы қаңтар-қазан айлары аралығында 661 мал сою алаңының есеп нөмірлері кері алынды, — деді ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалиев.

Сонымен қатар вице-министр барлық ірі ауылдық округте ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасы бар мал сою пункттерін ашу қажеттігін атап өтті. Кеңесте Аманғали Бердалиев Қазақстан аумағында жануарлар мен құстарды жоспар бойынша диагностикалау және вакцинациялау туралы сөз етті. Диагностикалық және профилактикалық іс-шаралар туралы барлық мәлімет АШЖБ базасына енгізілген. Нәтижесінде соңғы жылы елімізде қауіпті аурулар ошақтары 38 пайызға төмендеген.

Шегірткеге қарсы күреске дайындық туралы ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов баяндады. Соңғы жылдары Ақтөбе және Қостанай об-

лыстарында зиянкестердің таралу алаңы өскен. 2023-2024 жылдары шегіртке таралуының 11 жылдағы рекордтық көрсеткіші орын алып отыр. Егістік жерлерді шегірткеден уақытылы сақтау үшін алдын ала мемлекеттік саып алу жоспары жасалып, конкурстар жарияланған. Оңтүстік өңірлерде қажетті жұмыстарды сәуір айында, солтүстікте мамырда бастау жоспарланып отыр.

Серік Жұманғарин Ауыл шаруашылығы министрлігіне облыс әкімдерімен бірге мал союдағы жаңашылдықтар, олардың артықшылықтары бойынша тұрғындар арасында кең ауқымды ақпараттық жұмыс жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ егістік жерлерді шегірткеден уақытылы өңдеу үшін барлық қажетті процедураны жедел жүргізу қажет.

Айта кетейік, облыстық ветеринария басқармасының мәліметінше, биыл Қызылорда облысындағы аса қауіпті

деп танылатын 14 жұқпалы аурудың алдын алуға республикалық бюджеттен 6973,5 мың доза ветеринариялық препарат жеткізіліп, елді мекендерге таратылған. Өткен жылмен салыстырғанда препараттар 1 млн-ға артып отыр.

Жергілікті жерлерде аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы алдын ала егу және диагностикалық тексеру жұмыстары тұрақты өткізілуде. Нәтижесінде облысқа берілген вакцина қолданылатын ауыл бойынша таза аймақ мәртебесін Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымы наурыз айында қайта растаған.

Сондай-ақ энзоотиялық аурулардың алдын алу шаралары да тұрақты жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға 6 энзоотиялық ауруға қажетті 707,4 мың доза ветеринариялық препарат алынған. Қазіргі таңда 8 ветеринариялық станция, 139 пунктте барлығы 746 маман жұмыс жасайды. Білікті ветеринар мамандардың сапалы жұмысының арқасында аймақта төрт түлік арасындағы аса қауіпті жұқпалы аурулар азайған.

Жандос ЖАЗКЕН

## Сапар Әлеуметтік нысандар жұмысымен танысты

Бейсенбіде ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов пен Ақмарал Әлназарова және Мәжіліс депутаты Мұрат Ергешбаев ауданға жұмыс сапарымен келді. Алдымен Есет батыр ауылына табан тіреген халық қалаулылары жуырда пайдалануға берілген дәрігерлік амбулаторияның жұмысымен танысты.



Айта кетейік, былтыр желтоқсан айында Ұлттық жоба аясында Жалағаш ауданында 2 амбулатория пайдалануға берілген болатын. Оның бірі бүгін депутаттар жұмысымен танысқан Аламесек ауылдық округінде орналасса, дәл осындай емхана мырзабайлықтардың да қажетіне жарап тұр. Бүгінде қос елді мекеннің халқы жаңа нысанның игілігін көруде.

Расында ауылдарда бой көтерген медициналық нысандар қызметін бастауда. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасының әлеуметтік маңызына жіті мән берген ел ағалары осындай ілімді жобаларды қолға алуда. Президент те ауыл тұрғындарын

100 пайыз сапалы алғашқы медициналық көмекпен қамтамасыз етуді күн тәртібіне қойған.

Қазір медициналық қызметтің қолжетімділігін, денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі жаңғырту арқылы саладағы реформалар алға жылжып келеді. Ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында аймаққа қарасты елді мекендерде 27 нысан салынууда. Оның ішінде 20-ға жуық дәрігерлік амбулатория құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілген.

ЖАЛАҒАСЫ 3-BETTE.

Сұхбат

# Салада серпін бар

Кәсіпкерлік саласы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі драйверлерінің бірі болып табылады. Сондықтан бұл саланың көрсеткіштерінің қорытындысы ауданның рейтингісіне әсері зор. Иә, бүгінде өңірде сүйікті ісін табыс көзіне айналдырып, сол арқылы өзімен қоса аудан азаматтарын да жұмыспен қамтамасыз етуге ниетті тұрғындардың қатары едәуір артқан. Өйткені жалағаштықтар табыстың тетігі кәсіпте екенін жақсы түсінді. Сондай-ақ салаға жауапты мамандар тарапынан халықты кәсіпкерлікке үгіттеу, оқыту секілді жұмыстардың да үздіксіз жүруінен жалағаштықтар мемлекеттің кәсіпкерлік саласын қолдау мақсатындағы бағдарламаларын тиімді пайдалана бастады. Жалпы саладағы бірқатар сауалға жауап алу үшін аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбетпен сұхбаттасқан едік...



– **Жасұлан Ерданұлы, қазіргі уақытта аудан бойынша қанша кәсіпкерлік субъектісі бар?**

– Қазіргі таңда жалағаштықтардың кәсіпкерлік айналысуға деген құлшынысы жоғары. Өзінің сүйікті ісін табыс көзіне айналдыру мақсатында жекелеген азаматтар біздің мамандарға жүгінеді, біз сол бойынша жол көрсетіп, қолдау білдіреміз. Жалпы 2023 жылдың 11 айында аудан бойынша тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3 149 бірлікті, оның ішінде 3008 субъектісі немесе 95,5 пайызын нақты жұмыс жасап тұрғандар құрап отыр. Ал тоқпан тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 141. Жыл басимен салыстырғанда 65 бірлікке көбейген.

– **Бүгінде аудан бюджетіне инвестиция тартылу деңгейі қандай?**

– 2023 жылы ауданға 18 млрд 769 млн теңге инвестиция тарту жоспарланған, 11 айда негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 15 млрд 385 млн теңгеге құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 178,2 пайызға орындалды. Ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелері мен кәсіпорындары және жеке секторлары арқылы 2023 жылдың 11 айында 29 млрд 422 млн теңгеге құрайтын өнеркәсіп өнімдері өндіріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 101,5 пайызға жоғары орындалып отыр. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің көлемі 103,6 пайызға артып, 6 млрд 577 млн теңгеге өтті өндіріліп, сонымен қатар аудан бойынша бөлшек сауда айналымының көлемі 11 айда 3 млрд 179,1 млн теңгеге құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 103,9 пайызға орындалып отыр.

– **Өңірде шағын және орта кәсіпті қолдау жұмыстарына көңіліңіз тола ма?**

– Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастау немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпін өрі қарай дамыту бағытында аудан бойынша жыл басынан 158 жоба

4 546,2 млн теңгеге қаржыландырылды. Нақтырақ тоқталсам, мал шаруашылығы бойынша 101 жоба 1503,3 млн теңгеге, егін шаруашылығында 11 жоба 1 003 млн теңгеге, ауыл шаруашылығы және арнайы техника сатып алу бойынша 18 жоба 700,2 млн теңгеге, өңдеу саласы бойынша 7 жоба 361,2 млн теңгеге, қызмет көрсету 10 жоба 166,4 млн теңгеге және басқа да түрлері бойынша 11 жоба 811,7 млн теңгеге қаржыландырылды.

– **Аудандағы кәсіпкерлік саласының дамуы жұмыссыздық мәселесін тұсауға септігі тиіп жатыр ма?**

– Жасыратыны жоқ, халықты жұмыспен қамту мәселесі ауданда ғана емес, республика бойынша әлі де өзекті. Дегенмен қол қусырып отыруға да болмайды, сондықтан өңірде көптеп жұмыс орындарын ашуда тынымсыз еңбек етіп жатырмыз. Көріп тұрғаныңыздай, ауданда жылдан-жылға кәсіпкерлердің саны артып, жұмыссыздық деңгейі төмендеп келеді. Жыл көлемінде мемлекеттік бағдарламалар арқылы және жеке қаражаттары есебінен жалпы құны 1 млрд 902 млн теңгеге құрайтын 21 жобаны іске асырып, 106 адамды жұмыспен қамту жоспарланды. Қазіргі таңда аталған жобалардан жалпы құны 1 млрд 171 млн теңгеге құрайтын 15 жоба іске қосылып, 76 адам жұмыспен қамтылды. Сонымен қатар 2024 жылға өтпелі кезеңге жоспарланған жалпы құны 771 млн теңгеге құрайтын 6 жоба іске қосылса, 30 жаңа жұмыс орны ашылады.

– **Мемлекеттен қаржылай қолдау тапқан жобаларға тоқталсаңыз...**

– 2022-2025 жылдарға арналған «Ұлттық жоба» мемлекеттік бағдарламасы аясында екінші деңгейлі банк арқылы несиенің пайыздық ставкасын субсидиялау бағыты бойынша 12 жоба 868,7 млн теңгеге қаржыландырылды. «Агро Несие Корпорациясы» АҚ-ның облыстық филиалының жеке қаражаты есебінен 68 жоба 904,3 млн теңгеге қаржыландырылды. «Қызылорда»

Өңірлік инвестициялық орталығы» микроаржы ұйымы» ЖШС-ның «Іскер» «Микробизнес Қызылорда» бағдарламасы аясында 28 жоба 273,5 млн теңгеге қолдау тапты. «Агробизнес» бағдарламасы аясында «Ауыл» несие серіктестігі» ЖШС арқылы 34 жобаға 2 377,4 млн теңгеге көмек көрсетілді. «Қаз Агро Қаржы» АҚ және «Ком Транс Лизинг» ЖШС арқылы 2 жоба 16,5 млн теңгеге және «Байқоңыр ӘКК» АҚ «Ауыл аманаты» жобасы арқылы 14 жоба 105,6 млн теңгеге қаржыландырылды.

– **Жергілікті тұрғындар тарапынан өгін және мал шаруашылығынан бөлек саланы түрлендіру бойынша нәндөй жобалар қолға алынатын жатыр?**

– Иә, жалағаштықтар әсіресе ауыл шаруашылығы бағытында жұмыс жасағанды күп көреді. Себебі ауданымызда атақасп, яғни өгін мен мал шаруашылығы жақсы дамыған Ауарайы да қолайлы, дегенмен ауданға таңсық, өзін бізге жат, жаңашыл жобаларды тартуға, қолдау көрсетуіміз біздің тарап арқашан дайын. Әрине жаңашыл жоба екен деп бірден бас салып, қаржылай қолдау көрсетуден аулақпыз. Десе де жобамен танысып, оны өрі қарай зерттеп, кемшіл тұстарын түзеп, бір сөзбен айтқанда, жан-жақты зерделеп жүзеге асырғанды жөн деп санаймын. Мәселен, Таң ауылының тұрғыны Дәурен Құдабаев «Ауыл аманаты» жобасы арқылы 17 млн теңге төмендетілген несиеге қол жеткізіп, бүгінде қал шығаратын шехты іске қоспақ. Міне, бұл да біздің өңір үшін ерекше кәсіп түрі десем болады.

– **2022 жылы кенттің батыс бетінен 12 гектар жер телімі белгіленіп, «Серпін» аграрлы-индустриалды аймағы құрылды. Бүгінде аталаған аймақтың даму қарқыны қалай?**

– Жалпы «Серпін» аграрлы-индустриалды аймаққа бөлінген 22 гектар жер телімінің 5 гектары инженерлік инфрақұрылым жүйесіне тиесілі болса, 16,1 гектары кәсіпкерлерге табысталып,

қазіргі таңда аймаққа бөлінген жер телімінің 95,9 пайызы пайдаланылып отыр. Аймақтың 8,3 гектар жерінде бүгінде жалпы құны 460,5 млн теңгеге құрайтын 10 өндіріс орны іске қосылып, 98 адам жұмыспен қамтылған. Сонымен қатар «Серпін» аграрлы-индустриалды аймағының 7,8 гектар жеріне жалпы құны 373 млн теңгеге құрайтын 9 жоба іске асырылуда. Аталған жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті жер телімдері толық табысталды. Жобалар іске қосылғанда қосымша 47 жаңа жұмыс орны ашылатын болады. Қазіргі таңда бұл жобалардың ішінен құны 153 млн теңгеге құрайтын 4 жобаның құрылыс жұмыстары жүруде. Қалған 220 млн теңгеге құрайтын 5 жобаның жер телімдері бұлттыр табысталуына орай аталған жобалардың құрылысы алдағы уақытта басталатын болады.

– **Соңғы уақытта өлімізде сұйытылған газ тапшылығы орын алғаны белгілі. Осы орайда аудандағы ахуала тоқталсаңыз...**

– Аудан бойынша мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізетін «ТС», «Берікбай», «Бейбарыс», «Сұлтан» жанармай бекеті және 7 газ құю бекеті «ТС», «Туран газ», «Туран Газ 2», «Арал Газ», «Азия Оңтүстік Пром», «Қызылорда Газ», «Қызылорда Газ 2» жұмыс жасайды. «Жанармай және газ құю бекеттерінде мониторинг жұмыстарын жүргізу үшін «Мониторингтік топ құру туралы» өкім қабылданды. Ауданда жанармай және сұйытылған газдың бағасын негізсіз өсіруді және тапшылықты болдырмау мақсатында мониторингтік топ газ құю бекеттерін аралап, түсіндірме жұмыстарын тұрақты жүргізілуде. Негізсіз баға өсімі жоқ, жанармай және сұйытылған газ өркін сатылуда.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан Жандос ЖАЗКЕН

Ел аузында

Жыл басынан бері саудагерлер дүкенінің төрінен «каспий жоқ, қолма-қол қабылдаймыз» деген ескертпе қағаздарды іліп қойғанын көріп жүрміз. Бүгінде халықтың, оның ішінде кәсіпкерлердің арасында мобильді аударымдарды қабылдау бағытында түсініспеушіліктер туындап жатқаны рас. Оған дейін төлем түрін өз ыңғайына қарай төлеп үйренген тұтынушылар үшін бұл қиынға соғуда. Қаңтардан бастап банк ұйымдары жеке кәсіпкерлердің мобильді аударымдары бойынша деректер беретін болады. Яғни күнтізбелік үш ай қатарынан ай сайын 100 түрлі тұлғадан мобильді аударымдар алған азаматтар бақылауға алынады.



## Кәсіпкерлер неге мобильді аударымнан бас тартты?

Бұл өз кезегінде 2022 жылдың наурыз айында қабылданған жалпы бірдей декларациялаудың екінші кезеңі бойынша кәсіпкерлік белсенділік белгілері бар мобильді аударымдарды бақылау болып табылады. Бұған дейін Мемлекеттік кірістер комитетінің өкілі Нұржан Қуандықов жалпы бірдей декларацияның бірінші кезеңіне 570 мыңнан астам адам қатысып, қазіргі таңда бір тоқсандай ай сайын 100-ден астам аударым алған 8122 тұлғаның жеке шоты тексеріліп жатқанын айтқан.

– Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметке арналмаған банк шотына айына 100-ден астам аударым жасалса және осындай көрсеткіш 3 ай қатарынан қайталанса, Мемлекеттік кірістер комитеті жеке тұлғадан салық талап етуге құқылы. Себебі бұл операциялар кәсіпкерлік қызметтен кіріс алу белгілері бар операциялар қатарына жатады. Әзірге бұл мемлекеттік қызметкерлер мен олардың жұбайларының шотына түскен ақшаға қатысты. Екінші кезеңде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері ілігі. 2025 жылы үшінші кезеңде жеке кәсіпкерлердің мобильді аударымдары бақыланса, 2026 жылдан бастап барлық қазақстандықтардың ақшалай аударымдары туралы мәлімет комитеттің қарауына түседі. Жеке тұлғалар бұрынғыдай өздерінің жеке мақсаттары үшін туыстарына, достарына, ата-аналары мен балаларына және басқа да өмірлік жағдайларға арналған аударымдарды жасай алады және қабылдай алады, – дейді аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Руслан Байғазиев.

Айта кетейік, бизнестік мақсаттағы төлемді қабылдау үшін кәсіпкерлердің жеке бизнес шоттары болуы қажет. Сауда орындарында кассалық аппаратпен саудаласу міндеттеледі. Егер кәсіпкер жеке шотына мобильді аударым түсіріп отырса, онда айыппұл төлейді. Жеке шоттарын тексеру көлеңкелі бизнес құрылымдарына, арнайы өлшемшарттар аясында тіркелмеген кәсіпкерлер мен кірістерін жасырып жүрген салық төлеушілерді анықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда әлеуметтік желі арқылы қауымдылықпен де айналысып жатқан азаматтар бар. Өздеріңіз білетіндей, олар көбіне халықтан қаражат жинау мақсатында өзінің жеке шоттарын пайдаланып жатады. Бұл шара кәсіпкерлік бағыттағы жұмысқа жатпайды. Дегенмен олардың шоттарына 100-ден аса аударым түсетіні белгілі. Осы тұста төлемдердің мақсаты мен себебін анықтау бойынша тексеру жүргізіледі. Камералық бақылау аясында хабарлама жолданғаннан кейін салық төлеуші хабарламаға түсіндірме бере алады. Яғни қауымдылық көмек ретінде қабылданғанын растайтын құжат болғаны жөн.

Елімізде өзін-өзі жұмыспен қамтып жатқан азаматтар да бар. Мысалы, жеткізушілер мен такси жүргізушілері. Олар арнайы платформаның көмегімен жұмыс істейтіндігі белгілі. Бүгінде Мемлекеттік кірістер комитеті өзін-өзі жұмыспен қамтуға мүмкіндік беретін платформалармен келісімге келгендерін тілге тиек етті.

Қаржы министрлігінің мәліметінше, биылдан бастап декларацияны заңды тұлғалардың құрылтайшылары, жеке кәсіпкерлердің басшылары, олардың жұбайлары тапсырады. Шамамен 3,9 миллион адам жоспарланған. 2025 жылы қаңтардан бастап азаматтардың басқа санаттары (жеке құрылымдардың қызметкерлері, зейнеткерлер, үй шаруасындағы өйпелдер, студенттер және тағы басқалары) тапсырады. Бұл санаттағылар – 6,9 миллион адам. 2025 жылы декларация тапсыратын тұлғалар 13 миллионнан асады деп жоспарланған. Яғни әрбір адам мүлкі, ақшасын және құнды қағаздарын декларацияда көрсетуі міндетті.

– Басқарма тарапынан аудан орталығында орналасқан кәсіпкерлік нысандарда мобильді ақша аударымдары қызметіне «төлем жасау» функциясы жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қазір тауар мен қызмет ақысын мобильді аударымдар арқылы алып, таза табысын жасырған бизнес өкілдері де аз емес. Бұдан былай тұтынушы тауар үшін «төлем жасау» бағанына өтіп, есеп айырысады, яғни кәсіпкерге қызметі үшін қаржы аударсаңыз, ол – «төлем» деп аталатындығы түсіндірілді. Сол төлемдер туралы салық органдарына банктерден ақпарат түсіп тұрады. Бұдан бөлек заңға сәйкес мобильдік төлемдер арқылы тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу үшін есеп айырысу кезінде онлайн-бақылау-касса машиналарын қолдану заңдатырылады. Салық заңнамасына енгізіліп жатқан өзгерістер жаңа салық түрі емес. Бұрынғыдай кәсіпкерлер өз салық режимін қандай негізде жүзеге асырды, салық өсетінін дәл солай жүргізіп отырады, – дейді аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Руслан Байғазиев.

Ол жоғарыдағы өзгерістер осыған дейін табыс көзіне сай салық төлеп жүрген кәсіпкерлерге әсер етпейтіндігін, тек заңсыз кәсіпкерлік қызметті көлеңкеден шығаруға бағытталғанын да тілге тиек етті.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Бағдарлама игілігі

## 250 мың теңгемен кәсіп бастаған

Халқымыздың ұлттық құндылықтарының бірі – қолөнер. Оны бірі жай мамандыққа бағаса, енді бірі шығармашылық жұмыс ретінде қарайды. Алайда қолөнерді жанына серік етіп, тіпті оны кәсіпке айналдырғандар да жоқ емес. Мәселен, кент тұрғыны Жұлдыз Смаханова 4 жыл бойы тігін машинасын жанына серік етіп, кәсібінің жемісін көріп отыр.

– Өмір деген негізі қызық қой, осыдан 5 жыл бұрын «мен тігінші боламын» деген ой үш ұйықтасам да түсіме кірмеген. Мектепте география пәнінің мұғалімі болып сабақ беріп жүретінім. Бірақ іштей ол нәрсе ұнамайтын сөздім. Сонымен 2020-2021 жылы карантин кезінде бетперде тапшылығы болып, ауданда сол өнімді тігіп бастадым. Кейін бұл тігін тігу ісі өзіме ұнайтынын, сонымен айналысу керектігін түсіндім. Осылай тәуекелге бел буып, 2019 жылы мемлекеттен 250 мың теңгелік грант ұтып, алғашқы тігін машинамы сатып алдым. Кейін үйде отырып-ақ кәсіпімді бастап кеттім, – дейді кейіпкерім.

«Шебердің қолы алтын» дейді қазақ. Сөзге шебер, іске де ұста халқымыздың мәдениетін паш ететін оның қолөнері екені анық. Асыл тастан соң бұйымын жасаған, кездің жауын алатын ерекше киім үлгілерін тігіп, қазақы нақышты паш етіп жүрген Жұлдыз Абушаймықованың ісі көпке үлгі.

Екі жыл бойы кәсібімен үйде айналысқан кейіпкерім, 2022 жылы бар жиған-тергенімен аудан орталығынан, өз күшімен арманындағы тігін дүкенін ашқан. Шеберлігінің арқасында көптеген тапсырыс алып, бір адамды жұмыспен қамтитын дәреже жеткен.

Қазақ қашаннан оң саусағынан өнер тамған ісмер жандарға кенде емес. Кейіпкердің айтуынша, тігін дегеніміз – тұнып тұрған математика. Себебі дәлдік, есеп, төндік керек. Тігіншілік өнер бойға шабыт беріп, көңілге шаттық ұялатады. Адамды іскерлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды. Зеректік пен ептілікке де тәрбиелейді.

4 жыл бұрын кәсібін бастаған Жұлдыз Смаханова қазір тек қана киім қысқартып емес, балабақша, мектеп оқушыларына арналған топтық киімдер де, тойға арналған безендірулерді де, сонымен қатар тақия тігіп, шабшау сырғаларды да жасап халыққа ұсынууда.

– Менің тігіншілік өнерде кәсіби білімім жоқ. Қызығушылығым артқан кезде 10 күндік тігіншілерге арналған курстан өткенім Алайда бұл теорияға қарағанда тәжірибемнен келетінін түсіндім. Себебі маған алғаш тігін тігудің қыр-сырын үйретіп, дәл бүгінгідей жетістікке жеткізген Гүлнар апай болды. Себебі өз дүкенімді ашпай тұрып, алғашында тігінші болып Гүлнар апайдың жанында жұмыс жасадым. Киім тігуде біле бермейтін көп дүниені үйрендім. Осы кәсіпті бастауыма себеп болған, алғашқы ұстаз болған да сол кісі деуге болады. Қазір әйтеуір білмегендерімді интернеттен үйреніп, жаңа үлгідегі киімдерді халыққа ұсынуға тырысамын. Тек киімдермен шектелімін де келмейді, сол үшін қыл жасауына керек заттарды, перделерді тігіп те сатып жатырмын. Қызығы, ешкімнің тапсырысыңыз, ойыма бір нәрсе келсе, соны тігіп шығармайынша тыныныш отыра алмаймын. Тігіп болған соң әрі кетсе екі күннен кейін сол дүнием тапсырыс беруге келген адамдарға ұнап, сатып алып кетеді. Бастысы, сол өз ісіне деген ерекше махаббат керек сияқты. Сол кезде өр істің бөрекесі болады, – дейді ол.

Иә, тігіншілік, қолөнермен айналысу – бүгінгі заманның ең табысты бизнесінің бірі. Жас болса да тігінші болған кейіпкеріміз өзінің сүйікті ісімен айналысып қана қоймай, қолөнерді



кәсіпке айналдырған. Кең көлемде жұмыс жасап жатқанына екі жыл ғана болса да, Жұлдыз ханымның өнімдерін іздеп келетін тұрақты тұтынушылары да бар. Қазіргі таңда дүкеніне тек өзі тігіп қойған заттардан бөлек халық сұранысында жүрген ең қажетті заттарды да әкеліп қойған. Сұхбаттасу барысында сатып алушылардың көптігінен халық арасында сұранысқа ие дүкендердің бірі екенін де аңғардық.

Жеңіл өнеркәсіптің дамуына үлес қосқан тігінші қажетті құрал-жабдықтар мен тауар, ие, жіптердің барлығын сырттан алдыратынын айтып қалды. Өйткені бізде олардың бағасы біріншіден қымбат болса, екіншіден, сапасы жағынан ақсап жатады. Алдағы уақытта кішкентайлардың бір күнге гана киетін қазақы киімдерін бірнеше есе қымбат бағаға сатып алғанды, оны өз қиялымын өсемдеп, өзі тігіп, сатылымға немесе жалға беруге шығаруды жоспарлауда.

Шынында бүгінде балалардың киімі қымбат. Оны өзімізде тігіп, сату екі есе арзанға түседі екен. Халықпен жұмысстан мол тәжірибе жинаған шебер болашақта киімдерді сызба реттілігімен шығарып, дайын өнімдерді тігуді ойластыруда. Сондай-ақ машина санын көбейтіп, жанына тігінші жастарды тарту мақсаты бар екенін де айтып өтті. Дүкенін кеңейтіп, мерекелік іс-шараларға киетін көйлектер, камзолдар санын арттырғысы да келеді. Әрине бәріне уақыт керек, тігіншінің жанып тұрған кезіне қарап, аз уақытта бұл мақсаттары да орындалатынына сенім арттық.

Ешкімге қол жаймай, тынымсыз еңбек ету арқылы үлкен жетістікке жеткен Жұлдыз Смаханованың ісіне сүйсініп қаттытық. Өмірге төрт бала әкеліп, отбасының жағдайынан бөлек еңбектен қол үзбей жүрген жанының бұл ісі өзгелерге үлгі болары анық.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

# 3 ТАНЫМ Марал ишан

Қасиетті Түркістанның төрінде өткен Ұлттық құрылтайда елді елең еткізген бір жаңалық жария етілді. Сүйінші хабарды жеткізген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әйгілі Марал ишанның Кенесары ханға сыйлаған Құраны табылды. Бұл – еліміздің рухани өміріндегі елеулі оқиға. Марал ишан барша қазаққа танымал адам болған. Ол – төл тарихымызда ерекше орны бар Кенесары ханның үзегіліс серігі. Бұл Құран екі ғасыр бойы қолдан-қолға өтіп, ақыры шетелге шығарылған екен. Оны жанашыр азаматтардың, меценаттардың көмегімен Қазақстанға қайтарып алдық. Құранда Марал ишанның және Кенесары ханның мөрі бар. Жәдігерге жан-жақты сараптама жасалды. Отандық және шетелдік ғалымдар Құранды мұқият зерттеді. Құранның расында Марал ишанға тиесілі болғаны және Кенесары ханға берілгені анықталды» деді.

Өз заманында тарыққанды демеп, зарыққанды жөбеген, халқының жанашыры ретінде танылған, ақиқатқа бергісіз ғажайып істерімен аты аңызға айналған біртуар тұлға Марал ишанның аты да, ісі де ұзақ жылдар тарих қойнауында тұншығып жатты. Кеңес заманында оның есімінің ауызға алынбауын түсінуге де, түсіндіруге де болады. Ол – патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы болған, Кенесары ханды ашық қолдаған жау жүрек жан. Тәуелсіздік жылдары да бұл өңірде оны ешкім іздей қойған жоқ.

Менің туған ауылым Балұан мән әулие бабаның кіндік қаны тамған Нұрымбетті «ауылы аралас, қойы қоралас» елді мекендер деуге келмейді, аралары 60-70 шақырымдай. Ал Нұрымбетке Қарақамыс тиіп тұр. Осы Қарақамыста ағамның туған апасы Зүбира тұрды. Жил болмаса да барып жүруші едік. Сол ауылдың үлкендерінің Нұрымбетті Марал ишанның ауылы деп отыратыны құлағыма қалып қойыпты. «Ол кім?» деп, мән беріп, қабаласамас да, содан бері бұл есім бүйрегімізді бір түпкірімізге сақталып келгені анық.

Бертін журналистикаға ден қойып, қаламгерлер қатарына қосылғаннан кейін өңірмізде табанының ізі қалған дара тұлғалар туралы сериялы материалдар жазсам деген ой жүрегімді тербей бастады. Бұл еңбекке отырмас бұрын өзім білетін батырлар мен ақын-жырауларды, ірі ғалымдарды түгендеп шықтым. Сонда ойыма оралғандар: Шоқан Уәлиханов, Қожаберген жырау, Сегіз сері, Шал ақын, Үкілі Ыбырай, Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасұлы, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов... Марал ишан... Кейініректеріміз бойындағы асыл қасиеттерді оларды бесік болып тербеткен туған жер төсенің іздеуге құрылған сол кітабым 2009 жылы Астанадағы «Фоллиант» баспасынан жарық көрді. Бірақ оған бір қайнауы ішінде жатқан сияқты көрініс Марал ишан туралы есемді елтізген жоқпын. Сөздің шыны, нақты деректердің тапшылығынан ба, оның құпиясы екі өміріне терең бойлай алмадым. 2011 жылдың күзінде Парламент депутаты ретінде жұмыс сапарымен Сыр өңіріне барғанда көп жайға қанықтым.

Әуежайға табаным тиген сәтте ойыма Марал баба оралды. «Ол кісі ертеде бір топ ауылдасын ертіп, осы жаққа кетіп, тұрақтап қалыпты. Солардың ұрпағы өлі бір ауыл болып отыр екен» деген әңгімені естіп жүруші едім. Әзімді қарсы алған жас жігітке осы әңгіменің шетін шығаруым мүмкін екен. «Ол кісіні бұл өңірде білмейтіндер кемде-кем, ұрпақтары қалада да бар, бірақ енді Қармақшы ауданында тұрады» деді. Расында да солай болып шықты, бұл өңірде Марал бабаны бір тұтатындардың қатары қалың екен.

Арада екі күн өткен жоқ, әлгі жігіті: «Бүгін Марал бабаның ұрпағы Тілеуберген Нақыпұлының үйіне қонаққа барамыз» деді. Тіпекен қапсағай дегені, қараторы кісі екен. Жасы алпыстың үстінде еркін шыққан-ау деп қалдым. Үйді бізден басқа да қонақтар бар екен, амандық-саулық сұрасқаннан кейін Тіпекен оларды таныстыра бастады.

Төртеу отырған ағамыз – Исғали Жұмағұлов. Бұл кісінің есімі Сыр жұртына жақсы таныс, отыз жылдан астам шаруашылық басқарды, өлі де еңбектен көп үзген жоқ. Қармақшыда тұрады, – деді. Ал мына кісі – белгілі дәрігер Балтабай Майтанов. – Біз Ашамайлы Керейдің ішінде Тарышдан тараймыз, ертеде аталарымыз Марал бабаға ерлік көліп, осы жақта тұрып қалыпты, – деді Исғали әңгімеге араласып.

– Тікелей ұрпағы болдындарың бар?  
– Иә, бір атаның балаларымыз, ал бабаның өз кіндігінен тараған шөпшегі қазір Ақтөбе тұрады.

– Марал ишанды бұл өңір қатты құрметтейді. Қармақшыда оның атында мешіт, көше бар, қорымы да сонда, – деді Бәкен әңгімесін жалғастырып.

Ұзақ отырдық, біраз әңгіменің сызғы қабырғалары. Марал ишан туралы атадан балаға жалғасқан сырдың үш-қыры жоқ екен.

Осыдан кейін тезірек Қармақшыға жетуге асықтым. Жолда Қалқан ахун ауылына соқтық. Діни ұғым бойынша бір өзіңде қырық молданың білімі бар ірі оқымыстың ахун деп атайды екен. Қалқан өз заманында мешіт салып, пірілік құрған уағыз-насихатты арқылы мұсылмандарға Алла Тағаланы, оның бұлық құдіретін таныта білген ғұлама болыпты. Бір таңғалғаным, нарықтың дауылы бұл ауылға мүлде соқпаған секілді, дәрі де орында, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» замандай, Мәдениет үйі, сауда орталығы сияқты өлеуметтік сала нысандары қалыпты жұмыс істеп тұр екен. Осы жағға назар аударған едім, ауыл ағасы: «Қызылорда әулиелерімен аты шыққан қасиетті өңір ғой, біздің ауыл да құт қонып, қыдыр дариған, имандылық киелі туын тіккен мекең. Әзімді Қалқан ахун сияқты бабаларымыздың рухы нұраландырып, шауаққа бөлеп тұрғанына кәміл сенеміз» деді. Айтса айтаңдай, Қалқан ахунның құдіретіне бұл ауылдың жасы да, көрісі де бас иеді екен. Ол негізсіз де емес, Кеңес заманында шаш ал дегізе, бас алатын белсенділер терміржол бойына Қалқан ахун салдырған мешітті қиратып, кірпішің алмақ болады, оларынан ештеңе шықпайды. Өуре-сарсаңға түсіп, ақыры өздері қайғылы жағдайға ұшырайды. Міне, осы Қалқан ахун Марал ишанды әулие деп пір тұтып өтті.

Қармақшы топырағына табанымыз тигеннен оған деген ілтипатымыз тіпті арта түсті. Марал бабаның мәңгілік мекеніне осы жерді таңдауы тегін емес сияқты. Қармақшы ауданы әулиелер шоғырланған

жер екен. Солардың бірі XV ғасырда өмір сүрген Қармақ «Сыр өзеніне жайын қармақ салып, ағайындарын, айналасына көшіп келушілерді балықпен асыраған екен. Бірте-бірте халық көбейіп, ақыры әжептәуір елді мекенге айналған. Сонымен бұл жер сол кісінің есімімен аталып кеткен» (Ислам және Марал баба), Сәден Нұртайұлы. – 13 б.).

Қармақшыға біз қас қарая жеттік те, Марал бабаның басына таңертең баруды ұйғардық. Марал ишанның кесенесі Жосалы кентінің теріскейінде, жиырма шақырымдай жердегі жалпақ төбенің басында екен. Ертеде бұл жерді «Қамыр» қорымы, одан кейін «Қырық мешіт» деп атапты. Қазір жергілікті тұрғындар «Марал баба қорымы» деп атайды.

Марал баба қорымының шырақшысы қайтыс болғанмен, отбасы (өзілі мен келіні-баласы) осында отыр екен.

– Бір шаруамен облыс орталығына барып едім, алыстан қонақ келді деген соң бәрін тастап қайта оралдым, мән өзім бабаға жиен боламын, – деді апа.

Марал бабаның өзі де, ұрпақтары да осында тұрақ тапқан. Екі бөлмелі кесененің кіреберісіндегі оң босағада жатқан бейтке назар аудардық.

– Бұл Құлжымыр деген кіндік бейіті, өзі Марал бабаға туыс болып келеді, – деді апа.

– Сол кісінің сақалы өте ұзын болған екен. Ишанның ерке кенже ұлы Піртзаза бірде әлдебіреулердің айдап салуымен Құлжымырдың сақалын кесіп алдыты. Болған жайт екеге жетісімен, ол дереу туысын шақырып алып: «Айып бізден, бітпестен, тұратын жеріңдізді айтыңыз» депті. Сонда Құлжымыр: «Піртзазаның балалық қой, кешірімді, маған ештеңенің көрегі жоқ, дүниеден өткен кезде бейітіңдізді кірер аузынан, оң қапалдан орын берсеңіз болды, басқа тілегім жоқ» депті.


Бүгінде кесененің басына төу өтіп келгендер алдымен осы кісіге құран бағыштайды екен. Төр бөлмеде Марал баба мән анасы қатар жатыр. Анасы да қасиет дариған жан болуы керек, қайтарында баласына: «Сен де осында келесің» деген көрініді. Қырда туып өскен Маралдың мәңгілік мекенін Сыр өлінен табуында да тылыс бір сыр жатқаны анық. Сірә оны осы өңірде, қалың қазақтың арасына көріпкелдігі, болашақты болжай білетіндігі жетелеген шығар.

Бабаға құран бағытталғаннан кейін оның шығасы жағындағы ойпаңда тұрған Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің үлгісімен салынған ғимаратқа келдік. «Бұл Марал ишанның ұлы Қалқай ишанның кесенесі» деді жол бастаушымыз. Осы арада қасиетті бабамыздың ұрпағы туралы бір-екі ауыз сөз сабақтай кетуі артық болмас. Марал бабаның өзінен сөзіз үл өрген. Олардың бәрі де оқиған, небір жақсы қасиетті бойына жиған жандар болыпты. Төртінші ишан атануы да көп жайдан сыр ұқтырса керек. Десе де солардың ішінде Қалқай ишанның орны бөлек. Қалқай ишан туралы Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдыз» романында: «Күллі ислам дүниесінің, олардың ішінде Бағдатта 25 жыл оқып, 12 пәнді тамам ғып келіпті» деп жазады. Қазақ халқының біртуар ұлы Шоқан Уәлихановқа қатысты мына бір дерек те оқырманды қызықтырады. Сәбәнін жазуына қарағанда Шоқан туғанда Қалқай ишан Шыңғыстың үйінде қонақтап жатса керек. «Әулие, сіз қойып беріңіз, нәрестенің атын» деп өтінеді Үлі тұқымдары... Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатиманы алған күейі өзі әскерінің бас қолбасшысы – хазретті Ғали. Оның үш қатынынан он сегіз ұл болған, солардың ішіндегі ең батыры Мұхаммед-Қанания дейтін ұлы екен... Болашақтың Мұхаммед-Қананиясы болар ма екен деген тіпекпен Қалқай ишан Зейнептен туған ұлдың атын Мұхаммед-Қанайға қойды».

Марал ишан туралы әңгіме қанша көп болғанмен мені «жазба деректері бар ма екен?» деген ой мазалай берген. Әр жылдары жазылған қалыңдығы пышақты қырындай 2-3 кітапқа, негізінен оның діни қойы арқау болыпты. Осына уақыт халық жадында қалған адамның басқа да қасиеттері болғаны анық. Сол әңгімеге ойыспас бұрын, Марал бабаның өмір жолына қатысты кейбір деректерге назар аударуды жөн көріп отырмын.

Марал бабамыз 1780 жылы қазіргі Қостанай облысындағы Обаян өзенінің төңірегінде, Құсмурын атырабында, кейін Марал шілігі аталған қоныста дүниеге келген. «Бұл – бүгінгі Аманқарағай орманымен іргелес Қайранкөл жазығы» деп жазады Марал ишан өмірін көп зерттеген қостанайлық қаламгер Сырлыбай Бүркітбайұлы («Марал ишанның нұр ша-пағаты»). Қостанай, 1998, 3-бет..

Зерттеушілердің жазуларына қарағанда Марал ишанның әкесі Құрман Абылайханның ең сенімді адамдарының бірі, емшісі болған, ал шешесі қалмақ ханы Қалдан-Цереннің қазақ әйелінен туған, есімі – Фатима. 1741 жылы ақпан айының аяғында жоңғар әскерлері қазақ жеріне тұтқиылдан шабуыл жасайды. Нақ осы кезде Абылай бекіністің қолға түседі. Бұл жөнінде Ямышев бекіністің жомданаты Сібір губерниясының кеңесіне жолдаған мәліметесінде: «Қалмақтар оларды (қазақ әскерін – Ж.С.) талқандап, сұлтан Абылайдың өзін қолға түсірді» деп хабарлайды («Ақиқат», 1992, №7. 59 б.). Екі жылдан астам тұтқында болған Абылай 1743 жылдың қыркүйегінде аман-сау елге оралады. Қалмақ ханы Абылайды тұтқыннан босата отырып, оған үлкен сый жасайды. Осы жайында Орынбор комиссиясының өкілдері Иван Лакин мен Мансур Асанов: «Етегі



алтынмен көмкерілген қымбат шатыр, алтын зерлі қамқа тон сияқты асыл бұйымдарды тарту етті» деп жазады («XV-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынасы», 243-б.). Қалмақ ханы Абылайға жан да сыйлады дегенді тарихшылар жоққа шығармайды. Сөйтіп қалмақ тұтқынынан оралған Абылай көшіне ілесіп келген екі қыздың біріне өзі үйленеді де, екіншісін емшісі Құрманға қосады. Күндердің күнінде екі әйел де босанып, шекесі торсықтай екі ұл өмірге келеді, оның бірі – Қасым (Кенесарының әкесі, екіншісі – Марал). Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романында: «Атадан балаға қалған сөздерге қарағанда Марал ишан мен Кенесары Қасымовтың шешелері туыс, екеуі бөле еді» деген сөздері де осыны дәлелдейді.

Марал ишан – Ашамайлы Керейден таратып Танах бидің он бірінші ұрпағы. Ол туралы мәліметтер көптеген еңбектерде кездеседі. Мысалы, атақты Балқы жырау «Сұм дүние» деген толғауында:

«Мына шлоақ дүниеде,  
Өткіз елмес дер едім,  
Отқа салса күймеген.  
Залымдықтың өмірі  
Бір шаруып тиімген.  
Арамды көңілі сүймеген.  
Дін-мұсылман баласын  
Кереметінен билеген.  
Сахар тұрып жылаған,  
Қатын медет сұраған.  
Ол өрлердің тағаты  
Құдайына ұнаған.  
Баба түкті Шашты Әзіз,  
Өр Сейітпенбет, Мағзамаң.  
Марал ишан Соны Әзіз  
Солардан да өткен сұм дүние» дейді.

Әжеден тоғыз жасында жетім қалған Марал үш-төрт жыл өткеннен кейін білім іздеп анасымен жолға шығады. Қаржының жоқтығынан жол азабын тартып, көп қиналады. Ақыры жаулап-жалпылап Ақмеші маңындағы Құлнабай ишанның ауылына жетеді. Құлнабай ишанның кісі танытын қасиеті болса керек. Маралдың тегін бала емесін іштей сөзеді де оған жабысып, айырылмайды. Ақыры қызы Меңбірікке қосады. Бірақ Марал бұл жерде тұрақтап қалмай, сапарын одан ер жалғастырып, қазіргі Өзбекстан аумағындағы Жам тауын мекен етіп отырған Жалаңақ ишанның алдына барады. Атақты әулие Маралды екі сөзге келмей оқуға қабылдайды. Көкшеші Марал зерттегімен өзге түсіп, ұстаздың ілтипатына белгіленген кезін шығатын күлән-таза айығып кетеді. Осылай оның дәлелі бүкіл елге жайылып, халық алдындағы баделі өсе түседі.

Осындан заманынан озып туған көзіқарақты, көкірегі сәулелі Марал бабамыз елдің ең жайың ойлады. Күннен-күнге күшейіп, даққан орыс патшасының зорлық-зомбылығы, қазақ жерін отарлаудағы нәше түрлі айла-сарағысы оны да наздаландырады. Бұл көз қазақ елінің қанаудың нағыз шектен шыққан тұсы еді. Марал Құрманұлы сол кезде-ақ Ресейдің отаршылдық саясатының қазақ халқының басына төнген қауіп екенін сезген. «Ресейге қарамаңдар, өздерің бірігіп, орыстан басқаланып, егін салумен айналысыңдар, сөңдерді егін байлыққа жеткізеді» («Дала уәлаяты» газеті, 1899.) деп халық арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізеді. «Марал ишан Керей болысының старшинасы Байсалмен бірге Орынбор әскери генерал губернаторы Эссоннің вице-Сібірдің әскери бөлімінің бастығы генерал-лейтенант Капцевичтің атына екі хат жолдаған. Хатында Марал баба көп жылдардан бері Ресеймен достық қарым-қатынастың бұзылып, олар қазақтардың шұрайлы жерлеріне кіріп алғанын, ал қазақтардың өз тарапынан орыстардың жеріне баруы үлкен жанжал тудыратынын жазады» («Қасиетті Марал Ишан», «Тұмар», Қызылорда, 2005. – 81-82-б.) кикілжіңнің алдын алу қажеттігін назар аударды, императордың қабылдауына баруға рұқсат алып беруді сұрады. Марал Құрманұлының бұл хаттары елеусіз қалмады, сол кездегі вице-канцлер, граф Нессильерод пен Сібірдің генерал-губернаторы Сперанский ақылдаса келіп, Маралдың Петербургке баруына рұқсат беру туралы шешімге келеді. Бірақ Марал патшаның қабылдауына бармайды. Өйткені оның ниетін аңғарған патшаның жандайшаптары басқан ізін аңдумен болады. Орынбор генерал-губернаторының жұзбасы Жантөре Жиһангеровеке Маралды тауып алуды тапсыруы, оған подполковникі Граматиннің сұлтан Шотай Бақтыгереевке Маралды астауды бұйырып патша үкіметінің Марал Құрманұлын қауіпті адамдар тізіміне енгізгенін аңғартады.

2011 жылдың жазында Қызылжарда Салық Зиманов, Мәмбет Қойгелді, Бүркіт Аяған, Камал Бұрқанов сияқты белгілі ғалымдардың, тарихшылар мен ақын-жазушылардың қатысуымен «Солтүстік Қазақстан өңір тарихы, тұлғалар тағдыры» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияда тарихшылар осы өңірдің шыққан қайраткерлердің өмірі туралы соңғы кездегі ізденістерін ортаға салды. Қостанай мемлекеттік педагогика институтының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Еркін Әбіл «Марал ишан ұлт-азаттық қозғалысының идеялық негізде-

рі және сипаты» атты баяндамасында қасиетті бабамыздың руханият өлемінде алатын орны зор екенін дәлелдеп, ұлттық деңгейдегі ұлы тұлға екенін айғақтайтын тың деректер келтірді. Мысалы, жоғарыда біз келтірген патша өкілдеріне жолдаған хатында ишан «Орыстардың барлығы сіздің қарауыңызда, қазақтардың барлығы да сіздің қарамағымызда» деп батыл сөйлейді. Капцевичтің рұқсат қағазы Маралдың хатын апарған Орта жүздің старшинасы Байсал Аткелді баласында қалып қойған. Деректер Маралдың жауап келгенше басқа жаққа кетіп қалғанын жеткізеді. Қалай десек те Маралдың патшаға өтімін білдірсе де, кейін бойын одан аулақ салғаны шындық. Оның сөзбелтері көп. Марал ишан туралы «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары», (Алматы, «Ғылым», 1964 ж. 198-б.), В.В.Бартольдтің «Ишан» (Шығармалары, 6.т. Мәскеу, 1970, 679-б.), «Бұрынғы Ресей империясы аумағындағы ислам» деп аталатын (РФА Шығыс әдебиеті, 1999, 40-б.) энциклопедиялық сөздікте, басқа да еңбектерде көп деректер келтірілген. Мәселен, Краф мырза қазақтан Марал деген шығып, «Қазақты көпіден құтқаруға шыққан әулиемен» деп ел арасына әңгіме таратқанын жазады. Орыс армиясының тілмашы Захаров оны «орданың шырың тұзушы» деп атайды. «Ол Торғайда өмір сүріп, жеңілтеп орталықтарды өз жағына тартып, ауылынан орыс қақшындарға баспана беріп отыр» деп жазады.

Керей руына қарайтын ауылдардың ишанның соңынан үдере көшкен рас еді. Кей деректерде олардың саны 10 мыңға жеткені айтылады. Марал орыс патшасына қарсы ұйғым өрістетіп, жақтастарын мұсылман мемлекетін құруға шақырады. Мұның аяғы қарулы қақтығысқа дейін барады.

Марал ишан туралы жазбаларда оның қайтқан жылы осы күнге дейін екі түрлі көрсетіліп келеді. Кейбір зерттеушілер ол 1841 жылы қайтыс болды десе, кейбіреулер 1852 жылы өмірден озады дейді. Соңғы тұжырым шындыққа көбірек саятын секілді. Өйткені генерал И.Ф.Бларамберг өзінің күнделіктерінде 1852 жылғы әскерлерімен бірге Қосқорған және Қарақұл маңына тоқтағанын, Марал ишанмен кездескенін: «Ол маған өте сенімсіз адам ретінде көрінді. Менің жанымдағы қазақтар оның алдында күлдей жорғалап, мені оны алып кетугім көмектесейтіні белгілі болды. Марал ишан үнемі басына сәлде орап, қолында жылқы құйрығының қылынан жасалған үлкен желпүшімен желінін отырды» деп жазады.

Осы мәселеге қатысты 1993 жылы Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданына қарайтын Толыбай Жабасқа бағытында ұйымдастырған экспедицияға қатысушы Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері Ырысхан Пляксызының айтқан ойлары да көкейге қонымды сияқты. «Кейбір зерттеушілердің пайымдауына, Марал ишанның қайтыс болуы 1841 жылы емес, одан біраз кейін деуіне негіз бар. Аққұмдағы Жұғы маңындағы құлпытастардың жазылған уақыты 1855-1860 жылдардан басталады. Бұл жерде қорымның пайда болуына осы Жұғы негіз болған деп топшылана болады», деп жазады ол Одан өзі зерттеуші «Жұғы» деген сөздің Марал ишанға қатысын таратады. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда Қостанай жақта жүріп қайтыс болған Марал ишанның денесін осы жолмен алып жүріпті. Алыс жол жақ айып, күн ыстық, жолда бірнеше рет тоқтап, қара былғары оралған әулиенің денесін жұмып-шаюға тура келеді. Сол жерлерді аяқасты етпеу үшін сыртты орлап тастайды. «Сыртқы орданың шеңбері жүз метрдей. Қазыған орданың төңірегінде мен айналасының қыры өлі бір метрге жуық. Әулиенің Жұғысы маңында XIX ғасырдың екінші жартысынан үлкен қорым өсіпті. Бүгінде тамдар құлап, төмешіктерге айналып, құлпытастар өр жерден қылтып көрініп тұр. Бір кезде Жұғы маңында қалың бейітердің қанат жаюына әулиенің Жұғысы негіз болғанға ұқсайды» («Қасиетті Марал ишан», Қызылорда, 2005. – 197-б.)

Сөз жоқ, Марал ишан – тарихи тұлға, ислам дінінің ұлы насихатшысы. Кезінде Бұхарра медресесінде, кейін Мазари Шарифте (қазіргі Ауғанстан жері) білім алған ол, ағартушылық қызметпен де көп айналысқан, Ишандық құдіретіне күе ай, күн. Кең жайған Әміт, Оспан қанаттарың, Жүнісхан, Сәуір, Ысқақ – талант-дарын! Сүлеймен мен Мамырбай тірлігінде, Кеміл білген баққа абаб барын.

Қостанайлық ақын Жолбарыс Баязид «Дала елінің әулиесі» атты көлемді толғауында Марал ишанның ұрпағы туралы осылай жырлайды. Заманның талай дауылына ұрысқа да екі ғасырдан астам уақыт бойы есімі ел есінде сақталып, ұмытылмай келе жатқан Марал ишан – шын мәнінде әулие адам.

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ,  
журналист

## Кадрлық өзгерістер: Кім қайда барды?

Кеше аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен актив отырысы өтті. Жиында кадрлық өзгерістерге тоқталған Ардақ Әбдіғалпарұлы әріптестеріне Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының жаңа төрағасы мен оның орынбасарын таныстырды.



Айта кетейік, аудан әкімінің 4 қаңтардағы өкімімен Шарабан Қалыбаев аудандық мәдениет және спорт бөлімі басшысы лауазымынан босатылған. Кеше аудандық мәслихаттың шешімімен және аудандық сайлау комиссиясының хаттамасына сәйкес Қалыбаев Шарабан Мақсұтұлы аудандық сайлау комиссиясы төрағасы болып сайланды. Ал осыған дейін аудандық құрылыс, саулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы қызметін атқарған Таңатар Доспанов оның орынбасары болды.

Ардақ Әбдіғалпарұлы қос азаматтың мемлекеттік қызметте жиган мөл тәжірибесін тілге тиек етіп, өлі де өңірдің өркендеуіне елшеусіз еңбек ететініне сенім білдірді.

– Шарабан Мақсұтұлы мен Таңатар Доспановтың білікті кадр екеніне ешкімнің дауы жоқ. Аудан әулетінің артуына, мәдениеттің өркендеп, өрісінің кеңеюінде қос азаматтың қолтаңбасы бар. Сондықтан алдағы уақытта да артылған сенім үдесінен шығып, жүйелі жұмыс жасайтынына сенімім мол Шарабан Қалыбаевтың мәдениет және спорт бөлімін басқарған тұста салада серпін қалыптастыруға, салт-дәстүрлерімізді жаңғыртуға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған түрлі тақырыпта 700-ге жуық шара ұйымдастырылды. Оның ішінде Жалағаш жерінде дүниеге келіп, елдің ертеңіне еңбек еткен бабаларымыздың мерейтойы кең көлемде аталып өтті. Жалпы Шарабан Мақсұтұлы қоғамдық, саяси маңызы бар іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне ерекше үлес қосты. Ал Таңатар Сағалұлы құрылыс саласына жетекшілік еткен жылдары ауданда атқарылған құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 5,1 млрд теңгеге жетті. Яғни 2022 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 114,5 пайызға артты. 2023 жылы ауданда құрылыс жұмыстары қарқынды жүрді. Бірқатар өлеуметтік нысандар пайдалануға берілді. Бұған дейін өз саласында абыройлы еңбек еткен әріптестеріміз алдағы уақытта да жүйелі жұмыс жасайтынына сенім білдіреміз, – деді аудан әкімі.

Мұнан кейін Ардақ Ибраимов аудандық сайлау комиссиясының жаңа төрағасы мен оның орынбасарына аудан әкімінің «Құрмет» грамотасын табыстады. Сондай-ақ бұған дейін сайлау комиссиясының төрағасы қызметін атқарған Берік Аманжолұлы аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Өз кезегінде аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Әлеусинов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев те қос азаматтың алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

## Әлеуметтік нысандар жұмысымен танысты

Айта кетейік, Аламәсек ауылдық округінен ашылған жаңа амбулаторияның лабораториялық құрал-жабдықтарымен көрілсе Жаңадария және Еңбек ауылы тұрғындарына да медициналық қызмет көрсетіледі. Құрылысы салған «Асар» ЖШС ғимараттың келушілерге жайлы болуына баса мән берген. Онда тіркеу орны, қабылдау, дәріхана, оқшаулау, физотерапиялық емдеу, өгу бөлмелері, лаборатория, архив, күндізгі емдеу стационары, жалпы тәжірибелік дәрігерлік кабинеті бар. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де қолайлы жағдай жасалған. Сапар аясында депутаттар толғандырған мәселелер болса, көтеруге дайын екенін жеткізіп, абзал жандардың жұмысына сәттілік тіледі. Сондай-ақ олар елді салауатты өмір салтын ұстануға, денсаулық күтуге үндеудің маңызына тоқталып, аурудың емін іздегенін ауырмалық жолын іздеген бәрінен маңызды екенін тілге тиек етті.

Ойтаразы



# Шетелдік әндерге неге құмармыз?

Жақында елордада өткен Ақоп концертінде қазақстандық бойжеткендер әлемге масқара болды. Әншінің әніне масайған қыздарымыз іш киімін сол жерде шешіп, шетелдік қонаққа бағыттап лақтырған. Артынша бұл іс-әрекет әлеуметтік желіге видео ретінде тарап, қазақстандықтардың ызасын келтірді. Әлеуметтік желі қолданушылары «Сұмдық, не деген ұят», «Мынау не масқара», «Қыздар, уялмайсыңдар ма» деген сынды пікірлер жаудырды. Халықтың мұндай сыны орынды деп ойлаймын.

ҚР Ақпарат және мәдениет министрі Аида Балаева қыздардың бұл әрекетіне қатысты ойын айтты. «Әрине, ұят тірлік. Кейде шектен шығып кетеміз. Шығармашылық индустрия тұрғысынан айтатын болсам, халықаралық деңгейдегі өңшілердің елге келуі – заңдылық. Біздің де өңшілеріміз аудиторияларын үлкейту үшін шетелге барып концерт қояды» деді министр. Сонымен қатар А.Балаева шетелдік өнерпаздардың елге келіп, концерт беруіне тыйым салынбайтынын да жеткізді. Нақтырақ айтсақ, коммерциялық кештер болғасын, біз оларға кедергі бола алмайды екенбіз.

Иә, соңғы уақытта елімізге шет елдерден түрлі өңшілер жиі келіп, өнерін паш етуді дәстүрге айналдырғандай. Бұрынғыдай емес, тәуелсіз елдің ұрпақтары бүгінде әлем мәдениетімен етене танысып, өнерін қуана тамашалайды. Ал шартараптың түкпір-түкпіріндегі өнер иелері қазақ елін де тани бастаған сынды.

Мәселен, жақында Астана мен Алматы қаласына 2000 жылдары өлемге танылған Ақоп, 50 Cent секілді әлемдік деңгейдегі эстрада өңшілері концерт қойды. Бұл өңшілер елімізге келуді дегеннен концертті тамашалауға ынталы жандар билетті аз ғана уақыттың ішінде талан-таражға салған. Оларды тамашалауға 12 мың көрермен жиналған стадион іші-сырты лық толған. Билет құны да арзан емес екен. Екінің бірінің шетел өңшісін тыңдауға қалтасы көтермейтін көрінеді, билет 20 мыңнан бастап 500 мың теңгеге дейін сатылған. Бір жағынан қуануға болады, әлемдік деңгейдегі танымал жұлдыздардың елімізге жиі келуі жалпы халықтың әл-ауқатының жақсара бастағанын да білдіреді.

Алайда шетелден өңшілер шақыруды қолдамайтын қазақстандықтар да бар. Оған себептері де жеткілікті. Олардың «гонорары» аз емес. Әсіресе мұхиттың арғы бетінен ат терлетіп келетіндер 2-3 сағатта долларды шы-



тырлатып алады да кетеді. Ақшасын алып қана қоймай күмәнді пікір қалдырып кететіндері тағы бар.

Мәселен, алматылықтардың алғысына бөлінген 50 Cent-тің концерттен кейін әлеуметтік желідегі жазбасы қазақстандықтардың ашуына тиді. Әнші Қазақстанды Боратпен байланыстырып жазба жариялаған. «Алматы, Қазақстан, жарды! Егер «Борат» фильмі болмаса не айтқанымды түсінбес едіңіздер. Мен таңғалдым», деп жазды өңші. Небәрі 2 сағатта жазбаға жүзден астам қазақстандық пікір қалдырды. Олар «Борат» фильмінің Қазақстанға қатысы жоқ екенін жарыса жазып, өңшінің концертіне барғанына өкінгендей сыңай танытты.

Бұл туралы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтай Үкіметке жолдаған сауалында қозғады. «Рәпердің біздің елге қарата әлеуметтік желіде айтқан алғысы келекеге айналды. Қорыта айтсақ, елімізге гастрольмен келген шетелдік өңшілер мен шоумендерге аңқау елге арамыз молда болып жүрген арзанқол ақыл саудалағыш түрлі «коучерлерге» ешқандай талғаусыз есігімізді айқара

ашып қойдық. Соның зиянды салдарын қазір тартып жатырмыз» деді депутат. Әрине бұл өңшілерді жеке адамдар отбасылық тойларына шақырып жатса, ештеңе дей алмайсың. Алайда еліміздегі концертті ұйымдастырушылардың шетелден өнер иелерін талғамсыз шақыруы қаншалықты орынды деген заңды сауал туындайды.

Мәселен, кешегі келген Ақоп мен 50 Cent секілді өңшілер кезінде атағы шығып, дүрілдеп тұрғанымен, бүгінде өнерге деген құштарлығы сол кездегідей емес, тіпті жаңа өңдері де жарық көрмеген. Қазіргі жасөспірімдер мұндай өңшілердің бар екенін де білмейді. Сонда қазақстандықтардың мұхиттың ар жағындағылар тыңдап болған өңдерді бүгін тамашалауы мақтанарлық дүние ме?

Жоғарыда аты аталған өнер жұлдыздарын көмейіне бүлбүл мекендеген талантты өңші деп те айта алмайсың. Белгілі субмәдениеттің өкілдері ретінде гастрольмен келген шетелдік талғамсыздан шыққан болар. Соның әсері шығар, бүгінде ұмыт болған өңшілердің біздің елде қайта

тулағаны. Шыны керек, олар біздің Әміре Қашаубаев, Роза Рымбаева, Димаш Құдайбергелі секілді әлемдік конкурстарда жүлделі болмақ түгілі, конкурсант та атанбаған.

Нақтырақ айтсақ, Әміре Қашаубаев 1925 жылы Парижде өткен Дүниежүзілік сән өнері көрмесінде этнографиялық концертте «Ағаш аяқ», «Қаналыя», «Үш дос», «Жалғыз арша», «Қос балапан» және тағы басқа өңдерді орындап, екінші орын алып, күміс медаль иеленді. «Париж апталығы» газеті мен «Ле мюзикль» журналы Әміре Қашаубаевтың сирек кездесетін талант екенін жазса, Сарбонова университетінің профессоры Перно фонографқа оның орындауында бірнеше ән жазып алған. Осылайша Әміре Қашаубаев шетелде өнер көрсетіп, қазақ елін танытқан тұңғыш өңші болды.

Халық әртісі Роза Рымбаева 1977 жылы сол кездегі ең беделді өнер номинациясы Алтын Орфейді жеңіп алды. 1979 жылы С.Бәйтерековтың «Әлия» өніміне концертінде өткен халықаралық өңшілер байқауында лауреат атанды. 1983 жылы Құбадағы байқауда бас жүлдені иеленді.

Ал еліміздің сүйікті өңшісі Димаш Құдайбергелі Витебск қаласында өткен XXIV Халықаралық эстрадалық ән орындаушылар «Славян базары – 2015» байқауында гран-при жеңіп алды. 2017 жылы Димаш «Top Chinese Music Awards» номинациясының жеңімпазы атанды. Әншінің PR-директоры Алпамыс Шаримовтың айтуынша, біздің өңші «Азиядағы ең атақты өңші» номинациясына ие болған. Міне, осы секілді өңшілерімізді бүгінгі жастарға кеңінен неге насихаттамасақ? Әйтпесе жасөспірімдердің Әміре мен Розаның әнін тыңдамақ түгілі кім екенін де білмейді десем қателеспеймін.

Рухани жаңғыраушы деп ұлттық жобаға қырық ырымшыл болып, даурығып, сұхбат жасап, танымылық шаралар өткізіп, бағдарлама жасап, белсенді жұмыс істеп, дәстүрлі өнерге көңіл бөліп жатқанымызда бір жағынан аузынан боқ сөз шығып, ән айтқан өнер иелерін төрге шығарып жатқанымыз дұрыс па? Әрине бағасын тыңдарман қауым береді. Біздікі ой салу.

Жандос ЖАЗКЕН

Тарих

# Нұрғиса келгенде

1985 жылдың қарашасында халқымыздың мақтанышына айналған дарынды сазгер Нұрғиса Тілендиевтің ұйымдастыруымен өмірге келген «Отырар сазы» ұлттық музыкалық-фольклорлық оркестрі Кеңестер Одағының астанасы Мәскеудің Кремль сарайында концерт беріп, алып империяның зиялы және өнерсүйгіш қауымын қазақтың тамыры тереңде жатқан сазгерлік этноөнерімен таңғалдырған болатын. Оркестр ұжымының өнердегі қол жеткен табыстары әділ бағаланып, одақтық деңгейде Мемлекеттік сыйлыққа ие болып, оркестрдің көркемдік жетекшісі әрі дирижері, сазгер Н.Тілендиев КСРО Халық әртісі атағын алған еді. Оркестрдің қол жеткізген табыстары республика халқын да зор қуанышқа бөледі.



Жоғарғы жақтың тапсырмасы бойынша, Мәскеуден табысты оралып келе жатқан Нұрғиса бастаған оркестр облысымыздың аудандары мен ауылдарына концерт беріп, көрермендермен кездесу шараларын өткізіп жатты. Сол қараша айының соңғы қытымыр күндері осындай кезек біздің ауданға да келді.

Дарияның арғы бетіндегі ауылдық мәдениет үйі осы заманның өмір талабына сай салынған 2-3 кенешардың партком хатшыларын аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы өзіне шақырып, Мәскеуден табысты оралып келе жатқан оркестр мен оның жетекшісі КСРО Халық әртісі Н.Тілендиевке құрмет көрсетіп, концерт жоғарғы дәрежеде ұйымдастырып, құрамында 45 музыканты, жиырманың үстінде қосымша қызметкері бар барлығы жетпіске жуық кісіге қонақасы беруді қатты тапсырды.

Қуагі күрші жинау науқаны аяқталғаннан кейін, сол кездің жазылмаған қағдасына сәйкес, ауданның бірінші басшылары кезекті еңбек демалысына кетіп, кеңшар директоры да тынығуға кететін. Тығыз және жауапты мәдени шараны ауданда жоғары деңгейде өткізу ауданның екінші, үшінші дәрежесінде қалған басшылары мен кеңшарлардың партком хатшыларының өңшісіне тиді.

«Отырар сазы» оркестрінің ауданға келген кезде қысқы жылу жүйесі мәдениет және қонақ үйлерге толық берілмей, бірі суық, екінші салқын болып, Нұрғиса бастаған өнер шеберлерінің арасында қобалжу болғанын естіді. Тығырықтан шығу үшін аудан басшылығы оркестрді тездетіп кеңшарларға жіберуге ұйғарым жасады. Оларды бірінші қабылдаумен қызмет атқаратын «Аққум» кеңшарына міндеттелді.

Тапсырма бойынша мен өз үйіме Нұрғисаны, қасындағы Мая Қазтурғанова және 2 әртісі қабылдап, концертті өткізуді ұйымдастыру міндетін алдым. Экономиканың үнем саясатын берік ұстаған социалистік шаруашылықта мұндай мәдени жоспарланбаған шараларды өткізуге қаржы қаралмайтын. Кеңшар директоры ауылда жоқ болатын Сондықтан «халқы бардың, не қамы бар» дегендей, КСРО Халық әртісі Мемлекеттік сыйлықтың иегері, атақты «Отырар сазы» оркестрін қарсы алып, құрмет көрсетудегі кеңшардың активтері мен өндіріс жетекшілері, қазір арамызда жоқ ағалар Сақтағанов Раушанбек, Алпысбаев Төлеген, Мұстапалов Исахан, ауыл ақсақалдары Райымбеков Қойшыбай, Байжанов Қазыбек, Асанов Әдірбейер бөлсенді болды. «Қысылғанда қымыран иріді» дегендей, даңғарадай бұрын кеңшар директоры отырған, шаруашылықтың орталық жылу қазандығынан жылытатын үйде жылу нашар болатын. Дереве көптен бері жылымаған залдың «контрамарка» пешін жағуға кірістік. Пештің сыры мен лак бояуы қызып, истеніп, қолқаны қапты. Не керек, концерт өртенге қалды.

Ертенің Н.Тілендиев қасында аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары Т.Аштанбаева, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі К.Бердаубаева, аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі А.Шілдебаевтар оркестрді алып, ауылға келді. Ауылдық мәдениет үйі көрермендерге лық толды. Көршілес Терекөз ауданының «Ильич» кеңшарынан да көрермендер көп келді.

Нұрғисаны мәдениет үйінің алдында ауылдың 2-3 ақсақалымен күтіп алдым, салқын амандасты, бір нәрсеге өкпелі сияқты болып көрінді. Қасындағы ауданның азаматтары менің аты-жөнімді атап, кеңшардың партия комитетінің хатшысы деп таныстыра бастады.

Сол кезде сазгер: – «Директор қайда?» – деп жұлып алғандай, сұрақтың астына алды. Мен кеңшар директорының еңбек демалысында жүргенін айтқандымда «Бұл ауданның барлығы да түгелдей демалысқа шыққан ба?» деп қойып қалды. Біздер ыңғайсыз жағдайда қалдық.

Мен де есімді тез жылы «Нүреке, Отанымыздың астанасы Мәскеуден жұлдызыңыз жанып, КСРО Халық әртісі атағын алып, Мемлекеттік сыйлықтың иегері болғаныңыз құтты болсын. Алғашқы сапарыңызда ақ киіргіш отаны Сыр бойынан бастағаныңызды жақсылыққа жоримыз. Басшылар орында болмағанмен, сіздерді сүйіп тыңдайтын халқың мен көрермендер өз орында, сіздерді асыға күтуде, қош келдіңіздер!» дедім.

Келгеннен бері өз-өзіне сыймай тұрған атақты сазгер маған байыппен кезін салып өтіп, «ал бастайық!» деп мәдениет үйіне ендік. Халық орнынан тұрып, қошеметтей қол соғып, қарсы алды.

Нүрекен бұлай болады деп ойламаған болар, көрермендердің құрметіне риза болып, қолын көтеріп тоқтапты, оркестрдің құрылу тарихын, өзінің Мәскеудегі сапарынан қысқаша хабарлама жасап, концертті бастап өккетті. Өзі де беріліп, бірнеше күйлерін орындады.

Концерт соңында ауылдың көрермендері атынан мен Нұрғиса мен оркестрдің ұжымына ризашылығымызды білдіріп, шығармашылық еңбектеріне табыс тілеп, мығына шапан жаптым. Кеңшардың типтік жобадары асханасында оркестр мүшелерімен Нүреке аудан азаматтарының қатысуымен қонақасы бердік. Дастархан үстінде сазгер өзе келді, бірнеше өзінің сүйікті күйлерін орындады. Мая Қазтурғанова да бірнеше өңдерін шырқанды. Кездесудің «басы қатты болғанмен, арты тәтті» болып, атақты сазгермен қимай қоштасқан едік. Ол күндер де қазір бір тарих емес пе?

Рысбай КӨРІМОВ,

Қазақстан Журналисттер Одағының мүшесі  
 Жалағаш ауданының құрметті азаматы

## Тақиялы періштені ағылшынша сөйлетті

Қазақстандағы АҚШ елшілігі елімізге тамаша тарту жасады. Елшілік қызметкерлері қазақ көркем фильмдерін ағылшын тілінде дыбыстап, көпшіліктің ризашылығына бөленді.

Нақтырақ айтсақ, америкалықтар «Тақиялы періште», «Қыз Жібек», «Махаббат бекеті» фильмдерін ағылшынша сөйлеткен. Тайлақты – Lucas, биші қызды – Lola, Сырлыбай биді – Colin,

Ермек Серкебаевты – Johnibek, Оралды – Chris дыбыстаған. Ақжолтай хабарды елшілік қызметкерлері Instagram әлеуметтік желісінде жариялады. Онда «Қазақстанның АҚШ

елшілігінің қызметкерлері классикалық қазақ көркем фильмдерімен танысып, оларды ағылшын тіліне аударып көргісі келді. Сүйікті фильмдерінің ағылшын тіліндегі толық нұсқасын көргіңіз келе ме?» деді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
 Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық  
 «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
 Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:  
 Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
 Бас редактор - 32-0-41  
 Бас редактордың орынбасары,  
 жауапты хатшы,  
 бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және көріп қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттері «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 32